



«Павлодар аймақтық
басқару мектебі»
қоғамдық қоры



SOROS.KZ

ЖОБА

Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту

Павлодар қаласы
2016 жыл

ӘОЖ 351/354

КБЖ 67.401

А 91

А 91 Жоба

Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту. – Павлодар: «Дом печати» ЖШС, 2016. – 40 б.

ISBN 978-601-7844-09-7

Аталған жарияланым Сорос-Қазақстан қорының қаржылық қолдауымен «Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту» жобасы шеңберінде шығарылды. Аталған жарияланымның мазмұны авторлардың көзқарасын көрсетеді және Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ӘОЖ 351/354

КБЖ 67.401

© «Павлодар аймақтық басқару мектебі» ҚҚ, 2016 ж.

Барлық құқықтар қорғалған. Осы жарияланымда көрсетілген материалдар дереккөздерге сілтеме көрсетілген кезде «Павлодар аймақтық басқару мектебі» ҚҚ алдын-ала келісімінсіз толық немесе ішінара пайдаланыла алады.

ISBN 978-601-7844-09-7

© Павлодар, «Дом печати» ЖШС, 2016.

Мазмұны

Жоба туралы ақпарат	4
Ұсынымдар	13
Жоба серіктестері	16
Жоба бойынша фотоесеп	28
Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері	40

Жоба туралы ақпарат

Кіріспе

Жастарды қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне тарту мәселесі әсіресе, Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде өзекті болып отыр, сондықтан жастар тұрғындардың демографиялық құрылымында жоғары үлес салмағын алады және қоғамдық қатынастар жүйесінің қызмет етуін, саяси процестердің дамуын белгілейді.

Қазақстанда мемлекеттік шешімдерді қабылдау және оларды жүзеге асыру процесіне азаматтарды тартуға барлық жағдайлар жасалуда. Бірақ та, көптеген ауылдар әкімдік және мемлекеттік қызмет көрсетулер бойынша барлық қызметтер орналасқан ауылдардан жүздеген шақырым алыс жерде орналасқан. Ауыл жастары бюджет, мемлекеттік қызметті кім және қайда көрсететіндігі, қайдан көмек сұрау керектігі және т.б. туралы хабардар емес. Онымен қоса, олар билікпен қарым-қатынас жасау түрлері, тұрғындармен жалпы жиын, жекелеген жиын мен жиналыстарды өткізу тәртібі туралы білмейді. Бұндай жағдай жергілікті мәселелерді шешуде жастарды белсенді түрде тартуға мүмкіндік жасамайды.

Сол кезде көптеген елдерде жастар бастамаларын жүзеге асыруда барлық жастардың атынан сөз сөйлеуге, жастардың мәселелерін шешуде билікпен белсенді түрде өзара әрекет етуге нақты құқығы берілген арнайы құрылған жастар құрылымдары (кеңестер, палаталар, үкіметтер және т.б.) тиімді түрде қызмет етуде. Мысалы, 1992 жылы Еуропа Кеңесімен «Муниципалдық және аймақтық өмірге жастардың қатысу хартиясы» қабылданған болатын, бұнда жинақталған тәжірибе жалпыланып қана қоймай, кеңестерді немесе жастар комитеттерін, земстволық комиссияларды, «дөңгелек үстелдерді», форумдарды және т.б. құру арқылы жастарды жергілікті жерлерде шешімдерді қабылдау процесіне қосу туралы ұсыныстар берілген. Бұл әлеуметтік институттарда жастар саясатын құрастыруда жастар белсенді рөл атқарып

қана қоймай, өзіне қабылданған бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жауапкершілік алады.

«Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту» жобасы – бұл жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мен шешім қабылдауда жастардың қатысуына бағытталған іс-шаралар кешені. Жоба Павлодар облысының Павлодарское ауылы, Баянауыл, Железин, Май және Павлодар аудандарының аймағында жүзеге асырылды.

Барлығы жобаға 2681 адам қатысты.

Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруда азаматтық қатысу түрлері мен әдістеріне, бюджеттеу принциптеріне, жобалық менеджмент пен адвокатиің негіздеріне үйрету

2015 жылдың қыркүйек айында «Павлодар облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ, «Баянауыл ауданы ішкі саясат бөлімінің жастар бастамасын дамыту орталығы» КММ, «Железин ауданының «Айбат» жастар бастамасын дамыту орталығы» КММ, «Май ауданы әкімдігінің Май ауданы ішкі саясат бөлімінің «Армандастар жастар орталығы» КММ, «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі «Жас қанат» жастар бастамасын дамыту орталығы» КММ бірлесе сауалнама жүргізу арқылы жастардың жаңа білім мен дағдыларға деген қажеттілігіне бағалау өткізілді.

2015 жылдың қазанынан желтоқсанға дейін 5 үш күндік «Әрекет ет және жең!» тақырыбына семинар өткізілді.

Семинарларда жастардың негізгі құзыреттерді, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару, ауыл бюджетін бағалау мен мониторингілеу әдістері, мемлекеттік бағдарламалар және тұрғындарға қызмет көрсету, жобаларды басқару туралы білімді, атқарушы органдармен, азаматтармен қарым-қатынас дағдыларын игеруіне, адвокати науқандарын өткізуге негізгі көңіл бөлінді. Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға және әртүрлі әлеуметтік топтармен тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға жеке модуль бөлінді.

Алынған білім мен дағдыларды бекіту үшін интерактивті оқытудың тиімді түрлері қолданылды. Бұл – «Сахарадағы дауыл» және

«Саяжайдағы таң» іскерлік ойыны, мәселелерді қалыптастыру бойынша ақыл шабуылы, кейс-әдістемелерді талдау, пікірталас.

Семинарға қатысушылар үшін электронды тұсаукесерлер құрастырылды:

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару дамуының негізгі бағыттары»;

«Басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне тұрғындарды тарту. Ауыл жиындары мен жергілікті қауымдастық өкілдерінің жиналысы»;

«Жобалық менеджментке кіріспе»;

«Қажеттілікті бағалау»;

Сондай-ақ, бастамашылық топтарды құру, жергілікті қауымдастық тұрғындарының қажеттілігін бағалауды жүргізу, болашақ жобаларға арналған идеяларды таңдау бойынша үлестірме материалдар жасалды.

«Әрекет ет және жең!» оқу құралы басып шығарылды.

Сауалнама нәтижесі бойынша семинар қатысушыларымен игерілген білім және дағдылармен қанағаттанушылық 95% құрады.

Тестілеудің базалық, аралық және қорытынды бағалау талдауы «4» және «5» бағалары санының 11%-дан 81%-ға дейін артқанын куәландырады.

Семинар-тренингтің қатысушылары алынған білімнің қолданбалы сипатын атап өтті: *Бұл жобаның көмегімен мен жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық қыр-сырын білдім. Аталған жобада игерілген барлық ақпарат, тәжірибе мен үшін өте пайдалы және болашақта керек болатыны сөзсіз. Әсіресе берекелі және білікті бапкерлер мен жоба жетекшілерінің командасын атап өткім келеді (Лашкевич Наталья).*

Ауыл жастарының коммуникациялық және көшбасшылық құзыреттерінің, аналитикалық қабілеттілік пен сыни ойлауының дамуы

5 игі іс

Өткізілген семинарлар нәтижесі бойынша аудандарда ауыл жастарынан 28 бастамашыл топ құрылды, негізінде 4 аудан мен Павлодарское ауылында «5 игі іс» акциясы жүзеге асырылған дала зерттеулері жүргізілді және ауыл тұрғындарының кезек күттірмейтін қажеттіліктері анықталды.

Акция барысында көптеген қажетті және пайдалы игі істер жасалды. Мысалы, Железин ауданының ардагерлері тарапынан күтпеген ұсыныс түсті: «Балықтарды қыста жаппай қырылудан сақтау» акциясын өткізу. Тәлімгерлердің бақылауымен жастар Железин ауданының бір өзенінде 70 шұңқыр қазды, нәтижесінде мұз астына ауа кіре бастады және қыс уақытында балықтар ауа жетіспеушілігінен құтқарылды.

Жалғызбасты ҰОС ардагерлеріне, мұқтаж қарт адамдарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға ауланы қардан, қоқыстан тазалауда, үй-жайларды жинауда, ағаш кесуде және т.б. тимурлықтар көмегі ұйымдастырылды. Әрбір ауданда мектеп оқушыларымен бірге бастамашыл топтар құстарға арнап 100 үйшік жасады. Қыс бойы жастар оқушылармен бірге үйшіктердегі жемнің болуын қадағалады.

Көптеген жастар үшін «5 игі іс» материалдары бұдан әрі байқауда ұсынылған әлеуметтік жобаларды құрастыруға негіз болды. «5 игі іс» акциясын «Жас Отан» жастар бірлестігінің белсенділері қостап алып кеткендігін және сондай «25 игі іс», «100 игі іс» акциялары барлық қалалар мен ауылдарда өткендігін атаған жөн. Қазақстан бойынша осындай акциялардың өтуі туралы әлеуметтік желілерде ақпарат бар.

Бастамашыл топпен өткізілген әлеуметтік сауалнама талдауы көмек көрсетілген тұрғындардың 96% жастар акциясымен қанағаттанғанын көрсетеді (5 игі іс).

«Өзін-өзі басқару күні»

«Жас Отан» ЖҚ Павлодар облыстық филиалының белсенді қолдауы мен қатысуы арқылы 2016 жылғы 22 сәуір күні Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты базасында «Мен әкім болған кезде...» тақырыбына эссе байқауы, әлеуметтік жобалар мен «Жастардың өзін-өзі басқару мүмкіндіктері» атты пікір-талас турнирлері өткен «Өзін-өзі басқару күні» ұйымдастырылды.

Іс-шараларға ауыл жастары мен 3 өңірлік ЖОО студенттері қатысты: 83 адам санымен С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты және Инновациялық Еуразияттық университеті.

«Мен ауыл әкімі болған кезде...» тақырыбындағы эссе байқауы

Эссе байқауына 12 жұмыс ұсынылды, бірақ тек қана 5-уі эссені жазу талаптарына сәйкес өтті. Бұлар:

А.Е. Ибраеваның – Железин ауданы, А.С. Асылвананың – Павлодарское ауылы, Н.С. Шайхиннің – Баянауыл ауданы, Н.Б. Ертаевтың – Ақтоғай ауданы, Бекше Дәуреннің – ПМУ студенті.

Жастар өз жұмыстарына шығармашылықпен қарады. Жастардың өз ауылына немқұрайлы қарамауы, олардың жақын адамдардың тарихымен мақтанатындығы, болашақтан зор үміт күттіретіндігі қуантты. Барлық жұмыстарда игі, оң жаңалықтар және өз өңірлерінің позитивті болашағына деген сенім бар.

Комиссия мүшелері Железин ауданынан Азиза Ибраеваның жұмысын ерекше деп таныды. Барлығы виртуалды түрде болашақта болды: оның кабинетінде болды, былғарыдан жасалған орындықтың иісін сезді, қол қоятын қағаздармен папкаларға толы үлкен үстелді көрді, ауданды аралады, жаңа әкімнің меншігін қарай отыра, жергілікті мәселелерді шешті. Болашаққа осындай саяхаты үшін Азиза үздік эссесі үшін дипломмен және сыйлық - «Тиімді адамдардың 7 дағдысы» атты С. Ковидің кітабымен марапатталды: *Бұндай жобалар өсем деген ниеті бар және Отан игілігі үшін қызмет етемін деген қазіргі жастар үшін өте қажет. Ауыл жастары арасында сауатты, талантты және болашағынан зор үміт күттіретін жастар өте көп. Жоба жас*

патриоттарды қосатын өзіндік көпір сияқты. Біздің жоба жоғары деңгейде өтті. Дәл осындай жоба маған жаңа мүмкіндіктер мен бастамаларға есік ашуы мүмкін. Мен жобаларды дайындауды және эссе жазуды үйрендім. Енді мен нық әрекет ете және осы сияқты іс-шараларға қатыса аламын. Жоба жетекшісі Батаева Альмираға және ауыл жастарының дамуына баға жетпес үлес қосқан бапкерлерге шексіз рахмет айтамын.

Әлеуметтік жобалар байқауы

Комиссияға ұсынылған 15 жобаның тек қана 4-үі жоба жазу талаптарына сәйкес келді:

«Павлодарское ауылының №40 мектебінде ДМШ балаларға арналған арт-терапия кабинетін ашу» (Матай Қымбат, Павлодарское ауылы);

«Железин ауылында интеллект кафесін ашу» (Ибраева Азиза, Железин ауданы);

«Май ауылында жастар үйін ашу» (Қалиева Қымбат, Май ауданы);

«Ақтоғай ауданында сауық орталығын ашу» (Ертаев Нариман, Ақтоғай ауданы).

Жобаларды дайындауда жастар семинар кезінде алған білімдері мен дағдыларын тәжірибе жүзінде қолданды: ФСК логикалық рамка пайдаланылды, сауалнама кезінде ауыл тұрғындарымен ұсынылған идеялар жинақталды.

«Үздік жоба» номинациясында диплом және сыйлықпен (Э.Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар. Ойын ойнайтын адамдар» кітабы) «ДМШ балаларға арналған арт-терапия кабинетін ашу» жобасын ұсынған Павлодарское ауылынан Қымбат Матай марапатталды. Бұл қысқа мерзімде құрастырылған және жүзеге асқан жалғыз ғана жоба болды.

Семинарда жобалық менеджмент бойынша білім алған соң Қымбат 11 адамнан тұратын бастамашы топты құрды және 300 ауыл тұрғыны арасында сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижесі бойынша жоба жақын арада өтетін ауыл жиынында жобаны талқылауды ұсынған Павлодарское ауылының әкімі И.В. Фогельға таныстырылды. Ауыл тұрғындарының шешімімен 2016 жылғы ақ-

пан айында Қымбаттың жобасын жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен сомасы 103000 (жүз үш мың) теңге қаражат бөлінді. Ауыл әкімінің қолдауы бойынша Павлодарское ауылының №40 мектебінде кабинет бөлінді. Жергілікті қауымдастықтан бөлінген қаражат кабинетке арналған құрылғыларды, құмтерапиясына арналған үстел, жұмысқа қажетті кеңсе тауарлары мен материалдар (пластилин, құрғақ құм, витражды айна мен бояулар, сіріңке мозаика, гипстан жасалған бұйымдар және т.б.) сатып алуға жұмсалды. 2016 жылғы 18 наурызда арт-терапия кабинеті аптасына бір күн жұмыс істеу кестесімен ашылды.

Жоба белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр, ризашылық білдірген балалар мен аналардың саны арта түсті: *Коррекциялық кабинеттің ашылғаны үшін алғысымды білдіргім келеді. Біздің ерекше балалар үшін өте қолайлы. Оларға бір нәрсемен шұғылдануға мүмкіндік бар. Тіпті біздің мектепке барғанымыздың өзі, олар үшін үлкен жетістік. Қымбат сабақтарды өте қызықты және олар үшін танымды өткізеді. Бала сабаққа баруға және «ұдайы!» айналасуға қуанышты – деп мүгедек бала Козлов Мирославтың анасы Козлова Лариса Николаевна жазды.*

Қазіргі уақытта Қымбат бұл кабинетті кеңейту және жұмыс күндерін көбейту бойынша жобаны аяқтап жатыр. Жобаның ерекшелігі – бұл жоба кезінде жеке жобаларға бөлінген инновациялардың түрленуі болды. Осылайша, Қымбат №40 мектеп оқушыларымен бірге облыс оқушылары арасында бірінші орынды алған арт-терапия кабинетіне арналған сенсорлық төсенішті жасау бойынша жобаны құрастырды.

Железин ауданынан Мұқанов Бекболат ұсынған Интеллект-кафесін ашу жобасы да қызықты. Ол жұмыс жастары үшін ойынсауық орнының жоқтығы мәселесін көтерді: *Негізгі мақсат біз жастардың өз денсаулығына, салауатты өмір салты мәдениетінің дағдыларына деген көзқарасын қалыптастыруды, дене шынықтыру және спорт жаттығуларына араласуды көздейміз.*

Бұл кафеде әртүрлі дағдыларды құру қарастырылған: «Менің режимім» тақырыптық кештері, «Зиянды әдеттер шеруі» театрланған көрінісі, «Кітапты немесе интернетті таңдаймын» әңгімесі,

«Менің денсаулығым – баға жетпес қазына» тренингі, «Мен жаспын, сондықтан бай-қуаттымын!», «Қалаймын» және «Қажет» бітпейтін дау» викторинасы, «Батыл болсаң, шық!» байқауы, «Жастайынан денсаулықты сақтаңдар» пікір-сайыстары, «Мен адаммын!» әңгімелесу кештері.

Ақтоғай ауданында сауық орталығын ашу – ол жоба Ақтоғай ауданының әкімі С. Батырғұжиновтың қолдауымен болды. Қазіргі таңда әкімдікпен бос тұрған ғимаратты қайта құру бойынша ЖСҚ құрастырылуда.

«Жастардың өзін-өзі басқару мүмкіндіктері!?» пікір-сайыс турнирі

Негізгі мақсат – жастарды жергілікті өзін-өзі басқаруды талқылауға тарту болды.

Пікір-сайыс кезінде жастар өздері ұсынған мәселелерді көтерді:

студенттік өзін-өзі басқару арасынан лайықты депутат дайындап шығаруға болады;

студенттер арасынан қоғамдық пікірлер көшбасшыларын дайындап шығаруға болады;

ауылдың өзекті мәселелерін шешуге арналған механизмдерді табу үшін өңірдің ауыл жастарын біріктіруге болады;

ауыл жастары қызметіне инновацияларды енгізу қажеттілігі;

туған ауылын абаттандыру және гүлдендіру үшін ауыл жастарын дайындау;

ауыл жастары ең мәдениетті және үлкен әлеует;

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы ауылды дамытуға арналған ең үздік бағдарлама;

неге жастар ауыл әкімдеріне ұсынылмайды?;

неге ауыл әкімдері арасында жастар аз?

Пікір-сайыс турнирінде интеллектуалды жарыс атмосферасы, жарыс рухының командалық қолдауы, қызығушылық қыза түсті. Әрбір келесі мәселемен қызығушылық одан сайын арта түсті. Бұл жастарға тақырып өте өзекті және түсінікті екендігін көрсетеді.

Біз облыстың ЖОО мен ауыл жастары арасында байыппен өткізілген іріктеу турнирінен соң орыс тілінде 8 команда және қазақ тілінде 2 команда шығады деп ойлаған жоқпыз.

Павлодар мемлекеттік университетінің «Жұлдыздар» командасы мен Павлодарское ауылынан шыққан топ дипломдармен

және У. Айзексонның «Инноваторы. Как несколько гениев, хакеров и гиков совершили цифровую революцию» кітабымен марапатталды.

Мақсатты топтар мен тұрғындарды жергілікті қауымдастықтың өміріне қатысуға мүмкіндігі және адвокати туралы ақпараттандыру

Павлодарское ауылының, Железин, Май ауданының бастамашыл топтары өз көшбасшылары Матай Қымбат, Ибраева Азиза, Қалиева Қымбаттың басшылығымен әкімдермен және әкімнің орынбасарларымен ұдайы түрде кездесіп тұрды. Кездесулер барысында біздің «Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту» жобасы таныстырылды, жастар оқу нәтижелері туралы, «5 игі іс» акцияларының жүзеге асырылуы туралы айтты.

Сондай-ақ, ауыл жастарының жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және тұрғындармен қарым-қатынас бойынша мәселелер мен міндеттер талқыланды. Әкімдер және әкім орынбасарларымен одан әрі жас депутаттармен өткен кездесуде айтылған ұсыныстар берілді.

Жастар көшбасшылары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жаңадан сайланған депутаттары А. Нуркина және А. Құрмановамен кездесуге шақырылды. Жастар депутаттарды Павлодар облысындағы жобаның жүзеге асырылуы туралы ақпараттандырды. Жоба аяқталған соң ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту бойынша ұсыныстарды депутаттарға жіберу туралы уағдаластық жасалды.

Жобаның қорытынды іс-шарасы – жас көшбасшылардың Павлодар облысының жас депутаттарымен: облыстық мәслихаттың депутаты – Элина Паулимен, аудандық мәслихаттың депутаты, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма, «Жас Отан» ЖҚ, облыстық мәслихаттың өкілдерімен кездесуі болды. Кездесу барысында жергілікті өзін-өзі басқару органдарында жастардың қатысу мүмкіндігін кеңейту, ауылда азаматтық білім беруді жетілді-

ру, жастар топтарының өзіндік ұйымдасу белсенділігі бойынша ұсыныстар талқыланды.

Жас журналистер жобаның жүзеге асырылуы туралы мақала дайындады:

2015 жылғы 25 наурыздағы «Ауыл тынысы» № м (51-52 (9130) бетті қараңыз) және 2015 жылғы 21 қарашадағы «Родные просторы» №46 ауыл газеттерінде;

облыстық «Звезда Прииртышья»

«Сарыарқа самалы» газеттерінде.

Мақсаттық топтарды жоба туралы ақпараттандыру 86,2 % құрады.

91% алдағы уақытта осындай жобаларға қатысуға ниет білдірді.

Бұл жоба ауыл жастары үшін болашаққа бастайтын жоба болып табылады. Ол ауыл жастары үшін қолдау болады, сондай-ақ өзін қандай да бір жағдайда сенімдірек сезінуге әкеледі. Алынған оң сергектік және қуат бізге қызықты өмір сүруге көмектеседі. Және де бұл жобаны ұйымдастырушыларға көптен-көп рахмет (Жукашев Ағыбай).

Аталған жоба өте өзекті және менің өз ойымды білдіруімде айтарлықтай маңызы бар. Өз ауданы мен өз елінің игілігі үшін еңбексүйгіштікке негіз бола алады. Әрбір ҚР жас азаматы өз елі үшін өте маңызды. Өйткені, біз, ҚР жаңа ұрпағымыз және жаңа істерді біз жасаймыз. Жоба командасына жоба шеңберінде өткізілген ұмытылмас күндер үшін алғыс айтамын (Есенова Гүлмира).

Жоба іс-шараларының нәтижесі бойынша ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне:

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 97-қадамын «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру» V-бөлімін жүзеге асыру мақсатында жергілікті өзін-өзі басқару қағидаларын, жергілікті маңызды мәселелер бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдау

процестеріне тұрғындардың қатысу түрлері мен әдістерін халық арасында түсіндіру бойынша кең көлемде ақпараттық компанияны құру қажет;

Аудандық және ауылдық деңгейде азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдесу;

«азаматтық қоғамды дамыту» көрсеткіштері бойынша аудан әкімдерінің рейтингісін енгізу;

Жергілікті өзін-өзі басқаруға жастарды тарту әлемдік тәжірибені зерделеу, әсіресе, барлық жастардың атынан сөз сөйлеуге, жастардың мәселелерін шешуде билікпен белсенді түрде өзара әрекет етуге нақты құқығы берілген арнайы құрылған жастар құрылымдарының (кеңестер, палаталар, үкіметтер және т.б.) тиімді түрде қызмет етуі.

2. Аудан әкімдіктеріне:

бюджетті жоспарлау кезінде жастар клубтары мен орталықтарын қаржыландыруды, сондай-ақ басқа да жастар бастамаларын, соның ішінде мемлекеттік-жеке серіктестік аясында қарастыру;

тұрғындар жиналыстары мен ауыл жиынында белсенді жастардың қатысуы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

«Жас Отан» ЖҚ ПОФ және «Павлодар аймақтық басқару мектебі» ҚҚ бірлесе жыл бойы орындарда жастар саясаты мәселелерін түсіндіру бойынша жылжымалы мобильді ақпараттық топтарды ұйымдастыру;

Павлодар облыстық мәслихатымен бірге жас ауыл белсенділерінің облыстық мәслихатта ұдайы түрде тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру;

«Жас Отан» ЖҚ ПОФ және барлық деңгейдегі депутаттармен бұл жоба аясында құрастырылған жобалардың жүзеге асырылуын бақылауға алу;

3. Мемлекеттік органдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ауыл жастарын ҮЕБ ұйымдарының дағдыларына, жобаларды құрастыру, еріктілер іс-шаралары мен әлеуметтік акцияларды өткізу кезінде тұрғындардың мұқтажын бағалауға оқытуды қарастыру.

4. Жас депутаттарға жергілікті қауымдастық мәселелерін шешуде ауыл жастарының бірігуіне бағытталған жастар мәслихаттарын әрбір ауданда құруға бастамашылық ету.

5. Павлодар облысының үкіметтік емес жастар бірлестіктеріне:

облыс аудандарында өз өкілдіктерін аша отырып, өз қызметтерін жандандыру;

барлық деңгейдегі ауыл әкімдері мен депутаттарына үміткерлікке әрі қарай ұсыну үшін жас белсенділер ортақтастығын құру.

Қорытынды

Қорытындылай келе, оқыту арқылы жергілікті деңгейде шешімдерді қабылдауда жастардың рөлі мен қатысуын арттыру, жергілікті жастар ҮЕБ әлеуетін және жастар бастамаларын жүзеге асыруды арттыру бойынша жүйелі жұмыстың маңыздылығын атап өткім келеді.

Мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен ауыл жастарын жаңа түсінікте азамат болуға – құқықтық санасын оятуға үйрету, азаматтық қызметке қатысуға және жауапкершілікті сезінуге үйрету қажет.

Мемлекеттік мекемелерге өз мәселелерін шешуде жастарды қатыстырудың жаңа түрлерін іздеудегі үздік әлемдік тәжірибені зерделеу ұсынылады. Осылайша, жастар өздерін біздің еліміздегі түрлендірмелі процестерінің субъектісі және қатысушы ретінде шын мәнінде сезіне алады. Бұл егер де мемлекет жастар саясатын формальды түрде емес шын мәніде басым етсе ғана, білім алу қолжетімді болғанда, өз ісін ашуға, лайықты сыйлықақы үшін алынған кәсіби дағдыларын жүзеге асыруға, отбасы құруға, тұрғын үй алуға, қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз етілгенде, басқа да әлеуметтік мәселелер шешімін тапқанда болуы мүмкін.

Біздің ортақ міндетіміз – біздің болашақта қалай өмір сүретіндігіміз жастарға байланысты екендігін түсіндіру!

Әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы

Сауалнамаға барлығы 1960 адам қатысты.

Нақты 1751 сауалнама толтырылды және өңделді, 5 бейресми сұхбат өткізілді.

146 сауалнама «Жергілікті қауымдастық бағалауын қажет ететін» (бастамашыл топтың жұмысы), сондай-ақ 17 сауалнама «Ауыл жастарын жоба мақсаты мен міндеті туралы ақпараттандыру» кем дегенде 50%-ға толтырылды немесе бүлінді және өңдеуге қабылданды. Конкурстарда және дебаттық жарыстарда жоспарланған 100 адамның орнына 83 адам қатысты.

1751 сауалнама жүргізілді, соның ішінде:

Ауыл жастары (жобаның ықтимал қатысушылары) – 300 адам, 300 сауалнама;

Семинар-тренингтерге қатысушылар – 125 адам, 250 сауалнама;

Жергілікті бірлестік тұрғындары – 810 сауалнама өңдеуге қабылданған саны бойынша 810 адам:

Павлодарское ауылы – 216;

Ақтоғай ауданы – 153;

Баянауыл ауданы – 110;

Железин ауданы – 211;

Май ауданы – 120;

Ауыл жастары (жобаға қатыспағандардан басқа) – 300 адам, 300 сауалнама;

Конкурс пен дебаттық жарыстарға қатысушылар – 83 адам, 83 сауалнама.

Сұрастыру нәтижесін талдау мен жинақтау әр толтырылған сауалнаманың жауабын есептеу саны негізінде өткізілді.

Оқытуда мақсатты топтардың қажеттілігін бағалау


Сауалнама талдауы сұрастырылғандардың 100% жергілікті өзін-өзі басқару туралы білуге және жергілікті қауымдастықтың мәселелерін шешуде белсенді қатысуға ниет білдірді.

Сұрастырылғандардың 45% жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша басқа елдердің тәжірибесі қызықтыратындығын, сонымен бірге 71% азаматтық қатысудың түрлері мен әдістері туралы және 80% жергілікті бюджеттің жұмсалуды мен құрастырылу тәртібі туралы білгісі келетіндігін көрсетеді.

Тек қана ауыл жастарының 10% оқудан соң, жастар ҰЕБ ұйымдастыруға және 15%-ы әкімдер немесе депутаттар сайлауына қатысуға дайын. Себебі: қажетті білім мен дағдылардың жоқтығы. 50%-дан астамы әлеуметтік жобаларды құрастыру үшін білім мен дағдыларды алғылары келеді.

Семинар тыңдаушыларының базалық білімін бағалау

Кіріспе және аралық сауалнама нәтижесі ауыл жастарының базалық білімінің жеткіліксіз деңгейін көрсетті. Жергілікті өзін-өзі басқару және жергілікті бюджетті қалыптастыру саласында заңнама нормалары мен негізгі ережелерін жеткілікті білмеуі байқалды. Сондай-ақ, сауалнама нәтижесі бойынша бірде-бір тыңдаушы заңнаманы білу сұрақтарына толықтай дұрыс жауап бермегенін атап өткен жөн.



1-диаграмма. Сауалнамаға жауап бергендердің жергілікті өзін-өзі басқару саласында заңнаманы білу деңгейі

3% (4 адам) жергілікті бюджеттің кіріс көздері туралы білгенімен, бұл сан толық суретті бермейді. Біздің ойымызша, дұрыс

жауап бергендер – бұл бюджеттік тапсырыс пен бағдарламаларды құрастыруға қатысатын Жастар орталықтарының жетекшілері мен олардың қызметкерлері. Нашар жауап берген сауалнамаға қатысушылардың саны - 62%, бұл алдында көрсетілген диаграммадағы көрсеткіштен едәуір төмен (40%).



2-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылардың жергілікті бюджеттің кіріс көздері туралы білім деңгейі

Семинар-тренингтердің бағасы

Қорытынды сауалнаманың нәтижесі қатысушылардың тақырыппен, бағдарлама және бапкерлердің жұмысымен қанағаттануының жоғары деңгейін атап көрсетті: тренингті 95-дан 100% дейін «5-ке» бағалады.

Тыңдаушылардың шамамен 100% интерактивті оқыту әдісімен бірінші рет танысты: топтардың тұсаукесері, «ақыл шабуылы», рөлдік ойындар және т.б.

Сонымен бірге жастардың 2/3 бөлігі жергілікті маңызды мәселелерді шешуде өзін-өзі басқару органдарының жеткілікті деңгейде қатыспауын атап өтті. Бірнеше адам негізгі себебі ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нақты өздерінің, олардың мәртебелері, өкілдіктері мен мүмкіндіктеріне қатысты

жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы заңнаманың толық жетілмегендігін атап өтті.

Тыңдаушылардың көп бөлігі өмірге позитивті қарайды, өздерінің саяси сауаттылығын нақты бағалайды және әрі қарайғы оқу қажеттілігін мойындайды.

Семинарға қатысушылардың 100% олардың көп бөлігі оқытудан өткендігіне қарамастан, болашақта да осындай семинарларға қатысуға ниет білдірді.

Жергілікті қауымдастықтың қажеттілігін бағалау

Жобаны құрастырушылардың ойы бойынша «5 игі іс» акциясын жоспарлаудың негізі болып жергілікті қауымдастықтардың семинар-тренингтерді өткізгеннен кейін құрылған бастамашыл топтарға деген қажеттілік анықталды.

Бапкерлермен бастамашыл топтарды құру алгоритмі егжей-тегжейлі жазылғанын атап өткен жөн. Бастамашыл топтардың кейбіреуі тұрғындармен ауланы аралау әдісі арқылы кездесті, басқалары (Павлодарское ауылы) әкімдіктерден мәліметтерді алды және сол немесе басқа қажеттіліктері бар отбасыларға мақсатты түрде барды. Үшіншілері (Железин ауданының жастары) тұрғындардың өтініштерін тыңдаған ауыл жиындарының алаңдарын пайдаланды.

Тұрғындар ауыл әкімдіктерінің жұмысын 80% жақсы бағалағанмен, сұралғандардың 91% жеке сипаттағы мәселелерді шешуге мұқтаж, соның ішінде:


тұрғын үй - тұрмыстық – 53%;

жұмысқа орналастырумен байланысты – 13%;

әлеуметтік көмекпен байланысты – 20%;

ақшаға шағылған материалдық көмекпен байланысты – 11%.

Сұралғандардың 6% ғана жергілікті қауымдастыққа байланысты мәселелерді: экология, абаттандыру, денсаулық сақтау және білім беруді атады.



4-диаграмма. Жергілікті қауымдастық тұрғындарының қажеттілігін бағалау

Жобаның мақсаты мен міндеттері туралы ауыл жастарының ақпараттануын бағалау (бастамашыл топтардың жұмысы)

Бұл сауалнаманы «5 игі іс» акциясын өткізгеннен кейін бастамашыл топтар да өткізді.

Сұралған жастардың 86,2% жоба туралы өздері біліп, 5 игі істі жүзеге асыруға қатысты. 8% жоба туралы газеттерден білді.

91% болашақта ұқсас жобаларда қатысуға ниет білдірді.


Негізгі ұсыныстар ретінде аудан орталығынан алыс орналасқан ауыл жастарына барып, оқыту семинарларын өткізу туралы айтылды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруда жастардың қатысуын бағалау

Респонденттерге: «Сіз өзіңіздің кіші Отаныңыз (ауыл, аудан, қала) қалай дамып жатқандығы туралы қызығушылық таныттыңыз ба?». 59,2% ауылдың дамуын мұқият бақылайды. 26,2 % ауылдың дамуы туралы басқалардан біледі. Тек 14%-ы ғана жағымсыз деп жауап берді.


Дегенмен, әкімдіктердің жұмысын «жағымсыз» деп бағалаған респонденттердің саны көп - 19%.

«Сізді қандай күнделікті мәселелер толғандырады?» деген сұраққа жауаптардың үлесі келесідей болды:



1-гистограмма. Жергілікті өзін-өзі басқаруға жастардың қатысу бағасы

Бірақ та бұл мәселелерді көпшіліктің пікірі бойынша облыс әкімі мен ауыл әкімдері ғана шеше алады.




2- гистограмма. Жергілікті өзін-өзі басқаруға жастардың қатысу бағасы

Дегенмен, респонденттердің 76%-ы олардың әл-ауқаты өздеріне байланысты екендігін мойындайды.

Ауыл жастарының өмірлік жоспарларын жүзеге асыруға бөгет жасайтын жағдайларды айта отыра, ауылдың маңызды мәселелері бойынша оның алдындағы жауаптармен ұқсас 42% «менталитет және қоғамдық өмірдегі төмен белсенділікті» + «жұмыс істеу үшін дағдыларының және белсенді қоғамдық өмірдің жоқтығын», ал 40% «еңбек нарығында жастарға сұраныс жоқтығын» + «жастарға көмек беретін пәрменді мемлекеттік көмектің жоқтығын» атап өтті.

16%-ы еліміз бен облыстағы жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайға сүйенді. Ең қызығы, бір де бір респондент кедергіні «сапалы білімнің жетіспеушілігі» деп айтпаған.




3-гистограмма. Жергілікті өзін-өзі басқаруға жастардың қатысуын бағалау

Жастар өмірінің ажырамас бөлігі қоғамдық қызмет болып табылады. Жастарды қоғамдық қызметке тарту арқылы жастарда мәдени-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру үдерісі пайда болады.

Сауалнамаға қатысқандардың 52,4%-ы жастар әртүрлі қоғамдық және саяси ұйымдар арқылы («Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» бірлестігімен көрсетілген), 52,3% - жастар бірлестіктері мен ұйымдарына қатысу арқылы, 35,7%-ы сайлауларда дауыс

беруге қатысу арқылы саясатқа әсер етеді деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың үшінші бөлігі – жастар мемлекеттік органдарда жұмыс істеу арқылы саясатқа әсер етеді деп ойлайды. Сол мезетте 21%-ы – жастардың дауысы естілмегеніне сенімді.

Осындай жауаптар сауалнамаға қатысқан жастардың жоғары ұйымдастырушылық деңгейіне негізделген: респонденттердің 92%-ы сол не басқа қоғамдық ұйымдардың мүшесі болып табылады.



4-гистограмма. Жастардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуын бағалау

шараларда респонденттердің 45%-ы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатыспайды, бірақ қатысқылары келеді, 19%-ы оны қалай істеу керектігін білмеген соң қатыспайды және 14%-ы қызығушылықтары болмағандықтан қатыспайды.

Жастардың қызығушылығын сақтап қалып, респонденттердің дайындығын бөлу


Сауалнамаға қатысқандардың 60%-дан көбі жастарды бюджетті және әкім есебін талқылауға қатыстырмайтыны немесе

олардың ойынша ештеңе өзгермейді және олардың қызығушылығын сақтап қала алмайды деп есептейді.

Өз топтарының қызығушылықтарын мәслихат депутаттары мен әкімдерді сайлауға қатысу арқылы сақтап қалатыны белгілі. Соңғы барлық деңгейдегі мәслихаттарды сайлау нәтижесі бойынша Павлодар облысында 12 жас, 30-ға дейінгі жастағы 6 жұмыс істеп тұрған ауылдық әкімдер сайланғанына қарамастан, жастар сайлауға қатысуға дайын емес.

Респонденттердің көзқарасы бойынша депутаттар мен әкімдерді сайлауда жастардың белсенділігінің төмен себептері: 38%-ы - саяси білімдері мен тәжірибесі, адамдармен жұмыс істеу дағдысының болмауы, 35,7%-ы – ауылдастарының құптайтынына сенімділігінің болмауы, сондай-ақ, 19%-ы - ауылдық жастардың әрекетсіздігі.

Ауыл мәселесін шешуге басқаларды өз еркімен жұмылдырып респонденттердің дайындығын бөлу



5-гистограмма. Жастардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуын бағалау

Бұл гистограммадан сұралғандардың 30,9% - ының адамдарды жұмылдыру бойынша үлкен тәжірибесі бар екендігін, ал 35%-ына әлі де күш салу керектігін көруге болады. Сауалнамаға қатысқандардың 21%-ына адамдардың селқостығы бөгет жасайды және 11%-ында ниеттері жоқ.

Әкім және депутаттыққа сайлануға респонденттердің дайындығын біркелкі бөлу

Респонденттердің 64% тиісті білім мен тәжірибе алғаннан кейін 5 жылдан соң депутат болуға дайын. 14,2% - бүгін дайын. 7% депутаттар бір де бір мәселе шешетіндігіне сенбейді. 10% - дан кем емес депутаттыққа ешқандай қызығушылық танытпайды.

21,4% ауыл әкімі болуға ұмтылмайды. Тек жартысы ғана 5 жылдан соң сайлауға түсетін болады. 14,2% - өз кандидатураларын бүгін ұсынуға дайын.

Жастардың жартысы дағдыларды дамытуға тәуелді: көшбасшылық - 50%, жобаларды өңдеу және жүзеге асыру - 26%, еріктілер қызметі - 23%, тиімді байланыс - 16%, аналитикалық қабілеттілік - 16,6%, ауыл бюджетін қалыптастыру - 7%.

«Сізге қажетті дағдыларды қалай дамытасыз?» сұрағына 47,6% ауыл өміріне белсенді қатысамыз деп, 38% оқимыз деп (көшбасшылық тренингтері), 16% әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін бастамашыл топтарды құратындықтарын, 9,5% ауыл жиынына немесе ауыл тұрғындары жиналысында өз кандидатураларын ұсынатындықтарын айтты.

Қорытынды

1) Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері жобаны құрастыру кезінде оның авторларымен белгіленген негізгі мәселелерді дәлелдеді: ауыл жастары жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуға дайын, бірақ та олардың көбіне білім мен дағдылар жетпейді.

2) Жастардың көптеген ұйымдардың қоғамдық іс-шараларына қатысуы білімдеріндегі олқылықтарды толтырмайды және

тиімді байланыс және көшбасшылық дағдыларын, аналитикалық қабілеті мен сыни ойлауды дамытпайды.

3) Ауылдық жерлерде ауыл жастары мен әкімдік және мәслихаттармен конструктивті байланыс жоқ.

4) Мемлекеттік мекемелер, ауылдық әкімдіктер жастар арасында жергілікті өзін-өзі басқаруға жастардың қатысу әдістері мен түрлері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді: жиналыстарда, ауыл жиындарында.

5) Барлық жастар іс-шаралары облыстық деңгейде құрастырылады және қаржыландырылады. Аудандық деңгейде тек қана облыстық мемлекеттік органдардың жобаларына кірген іс-шаралар қаржыландырылады.

6) Облыстық деңгейде ауыл жастары арасында ауыл әкімдері мен депутаттарына әлеуетті кандидаттарды анықтау мен қолдауға арналған бағдарламалар жоқ.

7) Облыс ауылдарында жастар ҮЕБ төмен белсенділігі байқалады немесе олардың қызметі оқып жатқан жастар мен мемлекеттік қызметшілер үшін бір реткі іс-шаралармен шектеледі (КВН, салтанатты даталарға флешмобтар), жұмыс істейтін, ауыл шаруашылығымен, кәсіпкерлікпен, өндіріспен айналысатын жастарды қамту деңгейі төмен.

Ұсыныстар

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың әлемдік тәжірибесі азаматтық білім беруде жастарда ауыл, аудан, қала деңгейінде мәселелерді шешу кезінде қоғамдық бастамашылықтың маңызды екендігін көрсетеді.

Ауыл жастарының қоғамдық құзыреттілігін қалыптастыру және әлеуметтік тәжірибе, әртүрлі қоғамдық ұйымдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне тарту кезінде ғана әрі қарай дамуы мүмкін.

Жергілікті қоғамдастық жастар үшін маңызды қоғамдық мәселелерге қатысты шешімдерді қабылдау тәжірибесінің, қызмет көрсетудің, жігерлерін қолданудың кең өрісі болуы мүмкін.

Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту мақсатында келесі ұсыныстар әзірленді:

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне:

жергілікті өзін-өзі басқару қағидаларын, жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдау процестеріне тұрғындардың қатысу түрлері мен әдістерін халық арасында түсіндіру бойынша кең көлемде ақпараттық компанияны құру қажет;

аудандық және ауылдық деңгейде азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдесу;

«азаматтық қоғамды дамыту» көрсеткіштері бойынша аудан әкімдерінің рейтингісін енгізу.

Аудан әкімдіктеріне бюджетті жоспарлау кезінде жастар клубтары мен орталықтарын қаржыландыруды, сондай-ақ басқа да жастар бастамаларын, соның ішінде мемлекеттік-жеке серіктестік аясында қарастыру.

Аудан әкімдіктеріне тұрғындар жиналыстары мен ауыл жиынында жастардың белсенді қатысуы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Мемлекеттік органдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ауыл жастарын ҮЕБ ұйымдарының дағдыларына, жобаларды құрастыру, еріктілер іс-шаралары мен әлеуметтік акцияларды өткізу кезінде тұрғындардың қажеттілігін бағалауға оқытуды қарастыру.

Жас депутаттарға жергілікті қауымдастық мәселелерін шешуде ауыл жастарының бірігуіне бағытталған жастар мәслихаттарын әрбір ауданда құру бойынша бастамашылық ету.

Павлодар облысының жастар бірлестіктеріне облыс аудандарында өз өкілдіктерін ашу арқылы өз қызметтерін жандандыру.

«Ауыл жастарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту» жобасының фотоесембі

«Әрекет ет және жең!» семинары



Идея!!! Осы сөзден жобаны әзірлеу басталады



Қымбат Матай командасының жобаны қорғау дайындығының соңы



Жастар тренері әрі Павлодарское ауылының әкімі Ирина Фогельмен ЖМБ бюджетін қалыптастыру мәселесін талқылау үстінде



*Біз – бір командамыз!
Кофе-брейктен кейін энергиямен қуаттану керек!*



*Ақыл шабуылы. Нұрсұлтан
Шайхиннің командасы ауыл
мәселелерін белсенді түрде
талқылауда*



*Семинар бапкері Г.К. Исенова
жергілікті бірлестіктердің
мәселелерін анықтау сабағын
өткізуде*



Санат Кәрімов ауылдық мектептің төмен ҰБТ көрсеткіші мәселесін шешу бойынша өз командасының жобасын таныстыруда



Осы уақытта бәсекелестер өз жобаларын қорғауға дайындалуда



Оқы, оқы және тағы оқы! – бұны Ақтоғай ауданының жастары да жақсы меңгерген



*С. Әкімбеков
ақыл шабуылын өткізуде*



*Мырзабек Оразалиннің командасы
тұрғындар мұқтажын бағалауды
өткізу жоспарын құрастыруда*

«5 игі іс» акциясы



*Железин ауданындағы «Балықтарды қыста
жаппай қырылудан сақтау» акциясы*



Жастардың қолынан кез-келген игі іс келеді!



*Құстарға үйшік жасау қызықты әрі
танымдық маңызы зор*

«Өзін-өзі басқару күні»



Студент жастары арасында небір дарындар бар!!!



Күн қызу өтуде. Жастар деканның, кафедра меңгерушісінің, оқытушылардың уақытша орнын басу мүмкіндігіне ие болды. Әркімнің өз міндеті бар...

«Мен ауыл әкімі болған кезде...» тақырыбындағы эссе байқауы



*«Мен ауыл әкімі болған кезде...»
тақырыбындағы ең үздік эссе» байқауының
жеңімпазы - Ибраева Азиза*

Әлеуметтік жобалар байқауы



*Әлеуметтік жобалар байқауының жеңімпазы Қымбат Матай:
«Павлодарское ауылында ДМШ балаларға арналған
арт-терапия кабинетін ашу»*

Мұқанов Бекболат «Железин ауданында интеллект-кафесін ашу» жобасын ұсынууда



«Жастардың өзін-өзі басқару мүмкіндіктері» атты пікір-талас турнирі



Турнир жеңімпаздары: Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының «Жұлдыздар» командасы және Павлодарское ауылының командасы



Өте білікті және әділ комиссия

*Марапаттап, дипломдар мен
сыйлықтарды алған қандай
тамаша!!!*



Жеңімпаздар!!!

Жас ауыл белсенділерінің депутаттармен қорытынды кездесуі



*Қымбат Матай ауыл жастарының
әрекетсіздігі туралы айтып жатыр*



*Азиза Ибраева жастар бастамаларын жүзеге
асыру үшін әкімдіктермен қарым-қатынас
жасау жайында жоба ұсыныстарын қолдады*



«Жас Отан» жастар қанатының ПОФ көшбасшысы Данияр Айтышев облыс ауылдарында жастар саясаты мәселелерін түсіндіру жөніндегі мобильді-ақпараттық топтарды ұйымдастыруды ұсынды



Облыстық мәслихаттың ең жас депутаты Элина Паули жастардың әлеуметтік жобаларының жүзеге асырылуын бақылауға алуға уәде берді



Облыстық мәслихаттың ұйымдастыру бөлімінің басшысы Николай Чудовский ауылдың жас белсенділеріне облыстық мәслихатта тағылымдамадан өтуді ұсынды

ҚҚ жобадағы серіктестіктері:



Сорос-Қазақстан Қоры (СҚҚ) – міндеті **Қазақстанда ашық қоғамның құндылықтарын жылжыту** болып табылатын үкіметтік емес қайырымдылық ұйым. СҚҚ «Ашық Қоғам» Қорлар жүйесінің бөлігі болып табылады. Толығырақ www.soros.kz сайтында.



«Жас Отан» ЖҚ Павлодар облыстық филиалы – бұл елді жаңғырту процесінде қазақстандық жастарды саяси үйлестіруші. 29 жасқа дейінгі жас азаматтарды өз қатарына біріктіретін Павлодар облысының ірі жастар ұйымы.



«Павлодар облысы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ жастар мен жастар ұйымдарының бастамаларын қолдауға, шығармашылық, рухани және жастардың дене мүмкіндіктерін дамытуға, берік салауатты өмір салты дағдыларын және жастар арасында азаматтық-құқықтық және адамгершілік мәдениетті тәрбиелеуге бағытталған жастар саясаты саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.



«Павлодар облысының әкімдігі» ММ, «Баянауыл ауданының әкімдігі» ММ, «Железин ауданының әкімдігі» ММ, «Ақтоғай ауданының әкімдігі» ММ, «Павлодарское ауылының әкімдігі» ММ.



«Павлодар аймақтық басқару мектебі» қоғамдық қоры
ҚҚ 2000 жылдың желтоқсан айында өңірде азаматтық білім беруді, өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде бизнес пен билікті қалыптастыру, азаматтық сектор институттарының қарым-қатынасына арналған шарттарды жасау мақсатында ұйымдастырылды.

16 жылдың ішінде тұрғындардың барлық әлеуметтік тобын білдіретін 13 мыңнан аса адам оқытылды. Жобада еріктілердің қатысуы есебінен мультипликативтік әсер 17 мың адамнан асады.

Бұл жылдар ішінде 33 жоба. Оның ішінде: 23-і халықаралық ұйымдар гранттарының және 12-сі облыстық/қалалық/аудандық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылды.